

- повышается уровень качества педагогической деятельности учителя;
- у многих учащихся появляется возможность получения образования в благоприятной учебной среде, возможность оценивать себя и учиться, обучая других;
- формируется у учеников мотивы, придающие дальнейшей учебе значимый смысл, в свете которого собственная учебная деятельность становится для них сама по себе жизненно важной целью;
- развивается функциональная грамотность учащихся, способность использовать знания, умения и навыки для решения максимально широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений;
- повышается у учащихся уровень Я-концепции, в результате чего «сильные» утверждают в своих способностях, «слабые» получают возможность испытать учебный успех, а также избавиться от комплекса неполноценности;
- вызывает у учащихся положительные эмоции, помогает справиться с трудностями в обучении и приводит к повышению уровня качества знаний.

Из своего опыта преподавания можем утверждать, что не стоит загружать учеников многочисленными заданиями, следует выбрать наиболее удобные интернет-платформы, научиться самому разрабатывать дифференцированные задания, научить учащихся пользоваться ими. Каждый из нас должен отобрать несколько методов активного обучения, взаимодействия и довести их до автоматизма.

Идея наших исследований заключается в создании на уроках и во внеурочное время условий для сознательного, активного участия школьников в творческой познавательной деятельности. Эти условия должны приносить радость преодоления, радость открытия, достижения поставленной цели. Поэтому каждый учитель просто **обязан взрастить каждого своего ученика**, дать ему качественные знания, которые помогут ему в дальнейшей жизни. Поэтому каждому учителю следует искать любую возможность оценить, на что способны ваши дети на текущий момент, и использовать эти знания в решениях относительно своих дальнейших действий.

#### Список литературы

1. **Безруких М.М., Ефимова С.П. Знаете ли вы своего ученика?** [Текст] / М.М. Безруких, С.П. Ефимова. – М.: Просвещение, 1991. – 1 с.
2. **Блейзер Г.Д. Дифференциация обучения – условие гуманизации и демократизации образования.** [Текст] / Г.Д. Блейзер // Вечерняя средняя школа. – 1991. – № 5. – С.
3. **Руководство для учителя.** Образовательная программа курсов повышения квалификации педагогических кадров по предметам «Русский язык литература» в школах с казахским языком обучения. Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2017 г.
4. **Основы дифференцированного обучения в школе.** <http://gigabaza.ru/doc/42542.html>
14. **Андреев А.А. Дидактические основы дистанционного обучения.** – М.: Издательство, МЭСИ, 2001.
5. **Ануфриева С.Р. «Организация и проведение дистанционного урока».** <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/okruzhayushchii-mir/2017/03/02/organizatsiya-i-provedenie-distantcionnogo-uroka>

ӘОЖ 821.512.122

#### **Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚ: БҮГІНГІ ҰРПАҚ КӨЗІМЕН**

*Измуханбетова С.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Оқу Ассоциациясының тренері, М.Әтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті доценті, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «БҚО ПҚБАИ» директоры БҚО, Орал қаласы.*

*Бұл мақала Ы. Алтынсарин шығармаларындағы гуманистік идеяларды тәлім-тәрбие негізі ретінде қолдануды сипаттайды.*

*Кілт сөздер: педагог, құндылық, рухани-адамгершілік, ұлттық тәлім, ағартушылық, хрестоматия.*

Қазақ халқының мәдениеті тарихының білім-ғылым саласындағы көрнекті қайраткері, XIX ғасырдағы оқу-ағарту ісіне зор еңбек сіңірген педагог, ақын, жазушы Ыбырай Алтынсариннің шығармаларының идеясы мына заманда да өте өзекті. Қазақ халқының сауатын ашуда «Кел, балалар, оқылықпен» білім алуға шақырып, бағалы мұралары арқылы ізгілікке тәрбиеледі. Өз ісінде адамгершілік туын жоғары қойған және ұлттық құндылықтарды өзі мақсат еткен ағартушылық қызметінде кеңінен енгізген Ыбырай Алтынсариннің демократиялық – ағартушылық қызметі негізгі үш бағытта көрініс тапты.

Бірінші, өмір жолын қазақ даласында мектеп ашып, қазақ балаларын оқытуға, дүниені, ғылымды таныту үшін оқу құралдарын жазуға арнады. Екінші, білімді де өнегелі ұстаз, яғни тәлімгерлерді дайындау үшін күнделікті ғылыми-әдістемеліктерге назар аударды. Мұғалімдер даярлау ісіне мән берді. Үшінші, өз шығармашылығы арқылы қоғам өміріндегі маңызды мәселелерді жан-жақты суреттей отырып, гуманистік идеяларды қамтып жазды. Сол арқылы қазақ жастарын адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға шақырды, теріс пікірлерден, ескі әдет-ғұрып, соқыр сезімдерден, ұрлық, зомбылық, жатып ішер жалқаулық сияқты жаман қылық, жат мінездерден бойын аулақ ұстауға шақырды. Яғни, бүгінгі білім берудің жаңартылған бағдарламасына енгізілген құндылықтарды Ы.Алтынсарин мұраларынан оңай таба аламыз.

«Халық мектептері үшін мұғалім бәрінен де қымбат болып табылады. Олармен ешбір керемет педагогикалық басшылық та, мұқият инспекторлық бақылау да теңесе алмайды» деген бағасы мұғалім мәртебесінің жоғары екенін дәлелдейді. [2] Ағартушылық жолда аянбай еңбек еткен Ы.Алтынсариннің еңбектерінен педагог ретіндегі негізгі ұстанымын көре аламыз: ізгілік пен адамгершілік, гуманистік көзқарас, бала тәрбиесінде аса мән беру керек мейірім мен жылылық, өзара ыстық қарым-қатынас принциптері. Сондықтан да ХХІ ғасырдағы білім беруде Ы.Алтынсариннің идеялары құнды. Ол өзінің орыс педагогтері К.Ушинскийдің «Балалар дүниесі», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу кітабы», Б.В.Бунаковтың «Әліппе мен оқу құралы», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық курсы» оқу құралдары үлгісімен жазған «Қазақ хрестоматиясында» қазақ халқының бай ертегі, аңыз-әңгімелерін енгізумен қатар өзінің көптеген ғибраты мол дидактикалық әңгімелерін және орыс, батыс классиктерінің тәлімдік мәні бар әңгімелерін аударып енгізді. «Қазақ хрестоматиясына» енген шығармаларды ағартушылық-педагогикалық істерде әлі қолдануға болады. Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығын тәлім-тәрбие негізінде қолдану арқылы ұрпақ бойындағы құндылықтардың қалыптасуына ықпал етудегі тәжірибеміз тоқталамын. Ы.Алтынсариннің шығармаларындағы гуманистік көзқарастары, идеясы түсінікті және оқырманына түрткі болары сөзсіз. Себебі, Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын оқу мен тәрбиені біріктірген құнды ресурстар. Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің басты ерекшелігі элеуметтік сипаттың, негізгі идеяның айқындығында дер едім. Мысалы: Ыбырай шығармаларындағы еңбекке тәрбиелеу идеясы. ХІХ ғасырда еңбек құндылығы басты тақырып болды, қазір де басты орында. Неге десеңіз, адамның ең бірінші қажеттілігі – тамақ, ол еңбекпен келетіні белгілі. Бұл Абай шығармаларында да тереңірек беріледі. Ал Ыбырайдың «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесіндегі жай ғана атасы мен 10 жасар немересімен диалогы соңында: «Сені де құдайтағалла босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстануға әдеттенуге керек» деп түйіндейді [1. 83-б]. Осы түйінге қатысты оқушыларға тәрбиеліктің бәрі тынымсыз еңбек ететін болса, адамдардың кейбірінің еңбек етуге құлықсыз болуына не себеп? Оның салдары қандай? Адам еңбекқор болуы үшін қажет қасиеттермен дағдылар қандай? Нақты қандай ұсыныс бересің? Өз бойындағы еңбекқорлыққа жатқызатын қасиеттеріңді анықта т.б талқылауға арналған сұрақтар беріледі.

Оқушыларға экономикалық тақырыпта білім беруде маңызды ресурс ретінде Ы.Алтынсариннің кәсіпкерлік дағдыны меңгеруге бағытталған «Дүние қалай етсең табылады», «Қыпшақ Сейтқұл», «Малды пайдаға жарату» т.б. әңгімелері бар. Кедей Антон мен бай Антонның бейнелерін, қасиеттерін анықтау. Байлыққа жетудегі қадамдарына талдау. Ол әрекеттері халыққа және өзіне қандай пайда әкелді? Нәліктен халыққа көбірек пайда әкелуі керек?

Психологияда адам психикасының маңызды механизмдерінің бірі ретінде ерік-жігері мен қайраты ғылым дамуына өз ықпалын тигізеді. Ерік жігер екі процесстен құралады: шешім шығару және сол шешімді орындау [3]. Қазіргі таңда ерік-жігер адамның өз әрекетін саналы түрде реттеп отыратын қабілет ретінде қабылданады. Яғни, адам ерік-жігері арқылы өз әрекетін басқара алады. Ыбырай шығармашылығында адамның ерік-жігерін тәрбиелеуге қатысты сабырлылық, шыдамдылық, мақсатқа жетушілік сияқты ұғымдармен байланысты ұсынылған. Мысалы, «Асыл шөп» әңгімесі. Көтеріп келе жатқан жүгі қаншалықты ауыр болса да көздеген жеріне жеткенше шыдамдылық таныту адамның жігерлі болуын көрсетеді. Сол сияқты, ысырапшылыққа жол бермеу, тиімді пайдалану, қазіргі кездегі қайта өңдеу экология мәселесі «Бір уыс мақта» әңгімесінен көрініс тапқан.

Ы.Алтынсариннің адам бойында адамгершілік қасиетті жетілдіруге, әсіресе жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар-намыс тағы басқа тақырыптарды қамтитын шығармаларының сюжеті мен кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс әрекеттері оқырманына әсер етпей қоймайды. Тек бейтарап оқып қоймай, белсенді оқуды ұйымдастыру арқылы талқылаудан өткізу, зерттеушілік сұрақтар ұсыну немесе мәтіннің ішінен негізгі ойды тапқызып, талқылау маңызды. Мысалы, «Жомарт» әңгімесіндегі кейіпкердің іс әрекеті арқылы жастарға әсер ету үшін бай бола тұра жасаған әрекеттерінің себептерін суреттейтін жолдарына назар аударту үшін әңгіме мәтініне назар аударту жөн.

Балаға жасында берілгін дұрыс тәрбие өнегелі мінез-құлықты қалыптастырып, ақыл-ой сезімін үйлесімділікте ұстауға үйретеді.

<i>Әңгімеден үзінді</i>	<i>Кейіпкерден қандай қасиет байқадыңыз?</i>	<i>Бұл қасиет жеке адам/ қоғам үшін қаншалықты өзекті?</i>
<i>Әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өнебойы әдет ету көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиіркеніп, көз салмай кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын.</i>		
<i>Бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін.</i>		
<i>Күн сайын өз бейнетіммен тапқан, бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған нанның тәттілігі, сенімділігі болады екен.</i>		
<i>Құдайтағаламның берген дәулетін өзімсініп тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын.</i>		

«Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесіндегі екі баланы өзара салыстыртудан көп нәрсе ұта қоймаймыз (бай баласы өмірге икемсіз, кедей бала бай баласына қарағанда тапқыр, өмірге бейім екенінің ақылын да есінде ұстап, оны пайдаланушы т.б.). Өз тәжірибемде кейіпкерлерді тануды неліктен бай баласы осылай жасады? – деген сұрақтан бастаймын. Себептерін анықтау үшін ізденулері зерттеу дағдыларын дамытып қана қоймай, қажетті қасиеттерді қалай шыңдау керектігін ұсынады. Өз кезегінде қиын өмірлік жағдайларда сабырлылық, кеңесу, дұрыс шешім қабылдай алу, жағдайға бейімделу сияқты қасиеттердің болуы маңызды екенін түсінетіндей жағдаяттар туғызамын.

Сонымен қатар жазушының бұл әңгімесінде сыни ойлауды дамыту технологиясының стратегияларын да шебер қолдануға болады. Итермелеу сатысында жарлы баласына ерекше екіпін түсіріп, қарапайым адам деген ұғымға категориялы топтастыру әдісімен талдау жасап, конструкциялау сатысында болжау әдісімен мәтінді таныстыруын, нұсқалау сатысында салыстырмалы карта құрастыруға болады.

«Сақып» әңгімесінде адам баласының өз өміріндегі барына риза болу керектігін түсіндіретін, «шүкіршілік» еткізген аяқсыз адам. Өз өміріңе не үшін алғыс айтар едің? Кемінде он алғысыңды жаз. Оқушылардың да кейіпкердің түсінген пәлсапаны түсінуге көмектескен жөн.

«Төкәппарлық» әңгімесінде Венамин Франклиннің 82 жасқа келгенше ұмытпай айтып жүретін «басыңды тым жоғары ұстамай, төмен иіңкіреп жүрсең, мұнан да артық неше соққылардан құтыларсың» – деген қарияның сөзінің астарын ұғындыруда сөздің астарын ұғындыру қажет-ақ [1]. Есіктің маңдайшасын өмірдегі қандай жағдайлармен байланыстырар едің? Маңдайын соғу тіркесінің мағынасын ауыспалы мағынасы қандай? Бұл оқиғаның төкәппарлықпен байланысы қандай? Еңкею етістігінің синонимдерін тап. Франклиннің өмір бойы бұл сөзді ұмытпауы себебі неде? Баланың рухани-адамгершілікті болуына әсер ететін бұл әңгіменің маңызы зор, десе де қазіргі таңда бұл азық етеді, рухани-адамгершілік тәрбиесіне қоғам болып атсалысу қажет. Отбасы мен қоғам рухани адамгершілік тәрбиені жоғары қоятын болса, Ы.Алтынсарин әңгімелері таптырмас тәрбие құралы бола алады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. [2] Жас балалар арасында үлкеннің кішіге әлімжеттік жасауына жол бергізбейтін «Полкан деген ит» әңгімесі. Бұл әңгімені оқығаннан кейін «Өзінен кіші әлсіздерді ренжітуді ұятсынып, канденге тимей тұр» [1,90-б] деген жолдардан әңгіме идеясы ашылады. Бұл өз кезегінде кіші мен үлкеннің арасындағы қарым-қатынастың дұрыс және бұрыс жақтарын талқылауға, қандай жағдайда да дұрыс қарым-қатынасты сақтаудың маңыздылығын көрсетеді.

Ы.Алтынсарин оқыту үдерісін ұйымдастыруда мұғалімнің балалар үшін ролі зор екендігін түсінді. Білім беру бағдарламаларында ұсынылған оқу материалын (оқу мақсаттарын, білім, білік, дағды) саналы меңгеруі үшін пайдаланатын дидактикалық шығармаларды ұсынды. Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі идеялар – айрықша құндылықтар және олар ұлттық тәлім өлшемі негізінде жазылған. Сондықтан да еліміздің жаңа буынан тәрбиелеуде Ы.Алтынсариннің идеялары жаңашыл сипатын жоғалтпай отыр. Ы.Алтынсариннің еңбектерін білім берудегі тәрбиелеудің озық құралы ретінде, инновациялық сипатта әр бере отырып шеберлікпен тиімді қолдану оқыту мен тәрбиелеудегі көптеген мәселелерді шешеді.

## Әдебиеттер тізімі

1. **Ыбырай Алтынсарин.** Алматы «Ғылым» баспасы, 1994 ж.
2. <https://bilim-all.kz/article/5289-Ybyraidyn-ulattyq-talim-tarbiyedegi-agartushylyq-rol-i> Ыбырайдың ұлттық тәлім-тәрбиедегі ағартушылық рөлі.
3. **Е. Жаубай, Н. Молдабайқызы.** Қазақтың жазылмаған психологиясы. А, «Мұқаба» 2020 ж.
4. **С. Мирсеитова.** Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды – 2011 ж.

ӨОЖ 711.7

### БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Калиева Ж. С. – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы «№25 жалпы білім беретін мектеп» КММ Информатика пәні мұғалімі.*

*Бүгінгі таңда мемлекеттің алдына қойған мақсаты мен мұраты тарих сахнасынан өзіндік орын ала отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылу болса, бұл қажеттілікті қанағаттандыру үшін ел ертеңі бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бүкілхалықтық дәрежеде мән беру – қазіргі таңдағы үлкен мәселе. Жұмыста оқу процесінде инновациялық технологияларды қолданудың негізгі ерекшеліктері қарастырылған.*

*Түйінді сөздер: білім беру, проблема, оқу процесі, инновация, оқыту жүйесі, негізгі қиындықтар, оқытушы, оқушы*

Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орыны ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы болатын ұстаз кодында. Н. Ә. Назарбаев «Болашақта еңбек етін, өмір сүретіндер бүгінгі оқушыларды, оқытушылар оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр» – деген. Ендеше білім беруде оқытушы білігі мен білімі өте жоғары ұлағатты тұлға болу міндетті. Басқа ешбір мамандық адамға дәл оқытушыға қойылғандай жоғары талаптар қоймайды.

Қай елде болсын, балаға білім беру ісі елеулі орын алып, онымен шұғылданатын мамандарды ізденіске итермелен отырған. Себебі еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы - жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ.

Қазіргі таңда еліміздің келешегін, нағыз өз елін сүйетін әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу – біздің басты парызымыз. Сапалы білім беруде нәтижеге жету үшін әрбір атқарылатын істің жан-жақты ойластырылған, нақтыланған, үйлестірілген, стратегиялық жаңа жұмыс жоспары жасалуы тиіс екендігі белгілі. Басты мәселелерді айқындау, білім беру ісін жоспарлау, келешекті болжау, жұмысты ғылыми тұрғыда ұйымдастыру қажет.

Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде, білім беруде алдыға қойған басты мақсат – білім беру мен тәрбие үрдісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыру, өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани тұлға тәрбиелеу құндылықтарға ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу [2].

Қазір еліміз өркендесін, өссін деген саналы адамның ойында алдымен Елбасының елу елдің қатарына қосылу туралы зор мақсаты тұру керек. Қазір мемлекетіміздің басшысы ғылымды да, білімді де осы мақсат жолына бағыштап отыр. Президент жолдауындағы білім алдына қойылған міндеттер өте маңызды.

Егерде біз жоспарлар мен іс-әрекеттерімізде жүйелілік пен іскерлікке жетсек, онда бұл міндеттерді орындау әбден мүмкін.

Қазіргі кезде білім стандарты жасалып, жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядан іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында жұмыстар жүргізіл жатыр. Білімді жеке тұлғаға қарай бағыттау оқушының «Мен» менталитетін қалыптастыру, оларды өзін-өзі таныту үшін еңбектену оқытушылар қауымына үлкен мақсаттар жүктеді.

Оқу үрдісін технологияландыру – оқушымен оның оқу қызметін басты назарда ұстап отырып, бірізділікпен айқын белгіленген мақсаттарға бағытталуы. Оқыту технологиясы бұл оқушылардың өнімді қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оқыту жағдайларына, нысандарына, әдістеріне, тәсілдеріне, құралдарына басымдық береді.

Оқыту технологиясы оқытушылардың эмпирикалық – инновацияларын ескере отырып, оқыту үрдісін, дұрыс ұтымды ба дамытуды қарастырады, Оған өзара бір-бірімен байланысты екі үрдіс енеді: білім алушының іс-әрекетін ұйымдастыру және оқушы тұлғасын дамытудағы жоғарға нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттерді бақылау. Бұл үздіксіз әрекетте болады. Оқытушы нәтижесі – білім берген шәкіртінің өмірден бүгінгі күн талабына сай орын табуы мен алған білімін өмірде пайдалана білу [3].